

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – ЖАУАПТЫ МІНДЕТ

«Жаңа Қазақстан» идеясы халықты біріктіретін, бір мақсатқа жұмылдыратын, қоғам дамында шешуші рөлге ие қозғаушы қүш болуы керек. Жалпы қоғам мен мемлекет қарым-қатынасының жаңа жүйесі қалыптасуда. Биылғы жылдың басы еліміз үшін ауыр, сыйндарлы сәттермен басталғаны бәрімізге де мәлім.

Қантардағы дүрбелен еліміздің тұтастығы мен тәуелсіздігіне қауіп төндірген күрделі кезең болды. Енді откеннен сабак алып, мұндан кайғы-қасіретке жол бермеуімз керек. Бул ретте, Президенттің «Жаңа Қазақстан» бастамасы еліміздің қайта жандануына, орын алған олқылықтардың орнын толтыруға, жаңаша да-муға жол ашары сөзсіз.

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанда жаңтардың алатын рөлі ерекше, себебі алдағы уақытта тәуелсіздігіміздің тамырын терендептіл, Қазақстанның іргелі мемлекетке айналдыру сол жаңтардың қолында, яғни жауапкершілігінде. Сондықтан

жаңтар қауымы үақыттың кез келген сынағына дайын болып, бәсекеге төтеп беру керек. Санасты сергек, замандық технологияларды менгерген отанымыздың нағызы патриоттары ғана осындағы сынақтардан сүрінбей өте алмақ. Бүгін елімізде жаңтар саясатына үлкен көніл бөлтүде. Жаңтар саясатына қатысты сан түрлі пікірлер мемлекеттік шеңберде, халықаралық дәрежеде талқылануы - оның қоғам өмірінде айтарлықтай маңызды орын алатынын аңғартады.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті ірі жоғары оқу орны,ғылым орталығы және мәдени-гуманитарлық мекеме ретінде пайда болуы, қалыптасуы және кейінгі дамуы аймақтың өндірігіш күштерінің, оның экономикасының қарқынды өсуінің, соңғы он жылдықта өткен әлеуметтік және мәдени процесстердің объективті және адекваттық көрінісі.

Болашақ мамандықты жауапты таңдау бұл біздің жаңтарымыздың алдында тұрған үлкен мәселе. Мақта-тоқыма кластері мен тамақ өнеркәсібі үшін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау міндеттін шешуді М.Әуезов

атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті тоқыма және та- мақ инженериясы Жоғары мек- тебі жүргізеді.

Азық-түлік мамандықтарын М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы мен қауіпсіздігі» мамандандырылған кафедра- су дайындауды.

Әлемде сан алуан мамандықтар мен жұмыстар бар, бірақ әрқайсысы өзіндік ерекшелігімен қызық әрі адам өмірінде алар орны айрықша. Ең бірінші адам өмірінде мамандықты таңдауда әртурлі факторлар ықпал етеді. Соның бірі мүмкіншіліктер мен табыс көзі болып табылады. Соңғы кездері жаңтар көбіне жала- қысы жоғары зангер, қаржыгер мамандықтарын таңдаи- ды, ол мамандар да қажет, бі- рақ аз көлемде.

Біздің өркендеуіш еліміз- ге техника саласын дамыта- тын мамандар қажет. Соң- дықтан мемлекет тарарапынан осы тағам өндірісіне жыл са- йын грант санын көтеп бө- лүтіде. Сол үшін мамандық таң- дауда оның өзекті сұранысы- на көніл аудару қажет.

Қазіргі үақытта «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы мен

қауіпсіздігі» кафедра төрт мамандық бойынша мамандар да- ындауды: сут және сут өнім- дерінің технологиясы; ет және өт өнімдерінің технологиясы; азық-түлік өнімдерінің технологиясы және шағын және орта бизнес кәсіпорындарында тамақтануды үйімдасты- ру; майлар мен өсімдік май- ларының технологиясы. Та- мақ өнеркәсібінің технологи- бақалавр белгілі бір та- мақ өнімдерін өндіру про- цессін технологиямен, әзірлеу- мен, үйімдастырумен айна- лысады, шикізатты таңдау- дан бастап дайын өнімді буып- туюғе дейінгі азық-түлік өнім- дерінің қауіпсіздігі мен сапа- сына жауап береді.

**М.ӘБІШЕВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-
«Азық-түлік
өнімдерінің
технологиясы және
қауіпсіздігі»
кафедрасының
доценті,**

**Ж. КАЛДЫБЕКОВА,
қауымдастырылған
профессоры,**

**Г.КОШТАЕВА,
окытушы**